



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

жағдайда термин сөзбе-сөз аударылатынын байқауға болады. Түпнұсқа тілде терминдер екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған болса, қазақ тіліне аударылғанда ол тіркесті терминді береді. Сөйлемдегі атқаратын қызметтері белгілі жағдайға байланысты өзгеріп отырады, дегенмен бұл барлық қосарланған терминдерге айтылған тұжырым деуге келмес.

Қорытындылай келгенде, ағылшын тілінде жай сөздерден бірігіп жасалған терминдер қазақ тілінде дәл солай бірігіп аударылмайды. Себебі оның мағынасы қазақ адамға түсініксіз болар еді. Бұл жағдайда қазақша жай дара сөздердің бір-бірімен тіркесуі арқылы аударылуы қазақ тілінде бүтін мағыналы әскери-теңіз терминдерінің жасалып шығуына септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Негізгі ақпарат / Әскери-теңіз күштері / ҚР Қарулы күштері / Құрылымы / Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі. [Электрондық ресурс] Қол жеткізу режимі: https://www.mod.gov.kz/kaz/struktura/vooruzhennye_sily_rk/voenno-morskie_sily/osnovnaya_informaciya/
2. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. Оқу құралы. – Астана, 2009. – 160 б.
3. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 182 б.

ӘОЖ 81'255

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ АУДАРУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР

Калешова Мейргүль Мырзалықызы

meirgulkaleshova@gmail.com

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 2-нші курс магистранты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Сәтенова С.К.

Фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады

Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер [1, б.173].

Фразеологизмдер мағына тұтастығын сақтайды және олардың мағыналық тұтастығы құрамындағы сөздердің жеке мағыналарына тәуелсіз. Демек, фразеологизмдердің мағыналары құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарымен сәйкеспейді, яғни лексикалық мағыналардың жиынтығы емес. Фразеологиялық мағына дегеніміз құрамындағы сөздердің не жеке бір сыңарының лексикалық мағыналарының қайта жаңғыртылған жинақты мағынасы. Сол себепті фразеологизмдер семантикалық жағынан біртұтас тіл бірлігі ретінде қолданылады. Б.А.Ларин “фразеологизмдер қоғамдық өмірді, халықтың дүниеге көзқарасын, сол қоғамдағы идеологияны бейнелеп тұрады”, - деп көрсетеді .

Тұрақты сөз тіркестері қарым қатынаста маңызды рөл атқарып, оған түрлі реңк береді. Фразеологизмдер мәтінді экспрессивті тұрғыдан айтылып, мәдени ассоциациялармен камтамасыз етеді. Фразеологизмдер көбінесе мәтіннің статусын анықтау кілті қызметін атқарады (сөйлеуші, мәтін хабарламасы, қарым қатынас жасаушылар арасындағы байланыс, т.б.).

Тұрақты сөз тіркестерін аударудың қиындықтары оларды мәтіннен ажыратудан басталады. Фразеологиялық бірліктердің екінші, үшінші «сатысы» олардың көпмағыналылығымен түсіндіріледі. Мысалы, ағылшын тіліндегі «to come through with flying colors» қазақ тілінің «белестерден жаңылмай өту» мағынасына сәйкес келеді, сонымен қатар

«істі сәтті аяқтау» деген ауыспалы мағынасы бар (екінші «саты»), ал кейбір жағдайларда «мінез көрсету, ашық сөйлеу» (үшінші «саты») деген мағынаны білдіреді.

Кез келген тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің бірнеше кезеңі бар. Олар: жалпыға белгілі және сөздікте берілген; сөздікте берілген, бірақ қолданыстан шығып қалған; жалпыға белгілі, бірақ кей жағдайларға байланысты сөздіктерге енген; белгілі бір қоғамдық топқа ғана мәлім тұрақты сөз тіркестері.

Жалпы, фразеологиялық бірліктермен жұмыс жасау барысында аудармашыға екі тілді ғана білу жеткіліксіз, сонымен қатар түпнұсқа мәтіндегі стильдік және мәдени-тарихи аспектілерді аударма тілімен сәйкестендіре алу керек.

Тұрақты сөз тіркестерді аудару ережелері:

1. Тұрақты тіркестерді аудару барысында қолайлы шешім – аударылатын тілдегі мағыналық тұрғыдан дәлме-дәл келетін тіркесті табу. Ағылшын, қазақ тілдерінде өзара келетін сәйкес фразеологизмдердің жеткілікті екені байқалады.

2. Өзара тең балама болатын фразеологизмдер кездесілсе, мағынасы ұқсас фразеологизмді тауып аударуға болады. Бұл жерде айта кететін жайт, мағынасы ұқсас, бірақ формасы әртүрлі фразеологизмдер әр тілде түрлі эмоционалды ренк беріп, әрдайым бірін бірі толықтыра бермейді.

3. Тұрақты сөз тіркестерді аударғанда қолданылатын келесі әдіс - калька, сөзбен аудару. Кей кезде осы тәсіл арқылы аударылатын тілге жаңа тұрақты сөз тіркесін енгізуге болады. Бұл тәсіл көбінесе ортақ үшінші қайнар көзге байланысты қолданылады, мысалы, көне дәуірдегі, діни немесе басқа да белгілі қайнар көздегі тұрақты сөз тіркестері аударылады.

4. Кейбір жағдайларда, әсіресе, мәдени, тарихи тақырыптарға байланысты мәтіндерді аударғанда екілік немесе параллель аударма қолданылады. Онда фразеологиялық бірлік бір фразамең беріліп, қысқаша оның ауыспалы мағынасы түсіндіріледі.

5. Егер аударылатын тілде сәйкес немесе ұқсас тұрақты сөз тіркес бірлігі болмаса, фразеологизмнің ауыспалы мағынасын түсіндіру әдісі қолданылады, яғни тұрақты тіркесті еркін тіркеспен беру. Мұндай аудармада фразеологизм өзінің образды-ассоциативті қасиеттерін жоғалтады [2, б.35].

Айта кететін жайт, фразеологизмдер тобы әдеби шығармаларда жиі кездеседі, бейнелі фразеологизмдерді түпнұсқадан аудару өте қиын; кейде тіпті мүмкін емес. «Түйенің танитыны жапырақ» деген қазақ тіліндегі айрықша айшықты идиома өзге тілге сөзбе-сөз аударылса, күлкілі болып шығар еді. Сондықтан бір тілдегі тұрақты тіркестің екінші тілден баламасын іздеп табудан өзге тиімді аудару жолы жоқ. Тұрақты тіркестер әр тілдің айрықша айшықты бірліктері ғана емес, сол тілдің байлығы, көркем сөздің қайнар көздері. Өйткені, тұрақты тіркестер күнделікті өмірде қолданыла бермейді. Олардың шығу төркінін көне көз қариялардың шешендік өнер сарапқа түсер айтыстардан іздегеніміз жөн. Мысалы:

«Қазыналы арал» романын қазақ тіліне аударған Қ.Дәуітов: «Қазынаны бізден бұрын – ақ біреу іздеп келіп, сыпырып алып кеткені айдан анық: сөйтіп жеті жүз мың стерлинг фунты *«із-түзсіз ғайып бопты»* деген сөйлемді ағылшын нұсқадағы: «All was clear to probation. The cache had been found and rifled; the seven hundred thousand pounds *were gone!*» деп көркем аударған.

Еркін сөз тіркестерін лексикалық-фразеологиялық немесе тұрақты сөз тіркесін айыра білу керек.

Бірнеше сөзден тұратын, тілде қалыптасып, тұрақталған сөздерді тұрақты сөз тіркестері деп атайды. Тұрақты сөз тіркестерінің құрамы тұрақты. Оны басқа тілде сөзбе-сөз аударуға келмейді. Қолданылғанда дайын қалпында алынбайды. Олар сөзді көрікті, өткір ету мақсатында жұмсалады. Тұрақты сөз тіркестері мағыналарына және атқаратын қызметіне қарай былайша бөлінеді: идиомалар, фразалық тіркестер. Идиомаларға тұрақты тіркес құрамындағы сөздердің әр қайсысын бөлуге келмейді, әбден бір-бірімен жымдасып кеткен, мағыналық жағынан тіркестігі жеке сөздердің лексикалық мағынасына байланысты емес болып келетін тұрақты тіркестер жатады

Фразеология – белгілі бір тілдегі сөздердің тұрақты тізбектері мен тіркестерін, яғни фразеологиялық бірліктерді, фразаларды зерттейтін ілім. Фразеологияға қатысты терминдер де көп, олар: идиома, тұрақты тізбек, тұрақты тіркес, фразеограмма, фразеологиялық түйдек, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық оралым, фразеологизм және т.б. [4, б. 289].

Тұрақты сөз тіркестерінің ішінде идиомалар ерекше орын алады. Бұл ретте академик І. Кеңесбаев: «Идиомалар әрбір тілдің өзіне тән категориясы болуымен қатар, бұл категория – басқа сөз тіркестеріне қарағанда анағұрлым көнеленген категория. Басқаша айтқанда, бірнеше сөздің тобы идиома болу үшін көп замандар болу керек, өйткені, идиоманың шеңберіне енген сөздер дерексізденіп (абстракттанып) өзінің тікелей мағынасынан айрылу үшін белгілі бір мерзімдік шарт керек. Әр тілдің өзіне лайық идиома сөздері болу үшін, сол тілге бұл шарттан басқа халықтың салт-сана, әдет-ғұрып, тұрмыс-күй, мәдени дәрежесі, ортақтылығы керек екендігі белгілі нәрсе».

Идиомалар жеке сөздердің орнына қолданыла береді. Өйткені, идиомалар жеке сөздермен синонимдес болып келеді. Мысалы, «қас пен көздің арасында» - «тез» деген мағынаны береді. «... Идиомадағы сөздердің морфологиялық тиянақтылығынан гөрі синтаксистік тиянақтылығы басым. Идиоманың ішіндегі сөздердің орны тиянақты болғанмен, оның ішіндегі кейбір жеке сөздердің тұлғасын өзгертіп бір жалғаудың орнына екінші жалғауды қоюға болады.

Демек, идиома – бөліп-жаруға келмейтін және тұтас мағынасы құрамындағы сөздердің әрқайсысының лексикалық мағынасына байланысты тумаған тіркестер болып табылады. Құрамындағы сөздердің мағыналарында метафоралық, парадигмалық ерекшеліктер болатын мәтелге бейім келетін тіркестер.

Ал, идиоманың ағылшын тіліндегі анықтамасын берер болсақ: *Figurative phrases, constructions, and expressions holding a different meaning from the lateral one are widely used in any language are known as idioms. An idiom is a group of words that has a completely different meaning from the meaning of each word on its own.*

Әрбір идиоманың мағынасына үңіле отырып, тұтастай бір елдің салт-дәстүрін, тарихын, әдет-ғұрпын, аңыз-ертегілерін, табиғатын және тұрмыс-тіршілігін оқып-үйренуге мүмкіндік туады. Мысалы, *dark horse* – үндемегеннен үйдей бәле шығады, *white elephant* – қымбат, бірақ, аса қажет емес нәрсе, *bulls in china shops* – ебедейсіз адам, *green-eyed monsters* – өте қызғанишақ адам, *to let the cat out of the bag* – біреудің құпиясын басқаларға жайып салу, *to bark up the wrong tree* – қателесу.

Мәтінге эксперсивті әсер ететін келесі әдісті қарастырайық. Идиомалар кез-келген тілдерде болады. Сондықтан мағынаның берілу қиындығынан идиоманы сөзбе-сөз аудару мүмкін емес. Басқа жағынан фразеологияның бұндай түрі жарқын эмоциялық бояу береді. Мысалы:

1. *"Clumsy fellows," said I; "they must still be drunk as owls. And I thought how captain Smollett would have set skipping".* «Әй, хайуандар-ай, – дедім ішімнен. – Ес-түсін білмегенше ішкендері ғой. Осылай да кеме басқарады екен-ау, капитан Смоллетт болса ғой, көрсетер еді сендерге!» [5, б. 153]. Бұл жерде *hey must still be drunk as owls* деген тіркес қазақ тіліне ес-түсін білмегенше ішкендері ғой деп аударылған.

2. *"Dick was it? Then Dick can get to prayers," said Silver. "He's seen his slice of luck," has Dick, and you may lay to that .–* Д"ик, – деді біреуі. – Дик пе? Ендеше, Дик, иманыңды айта бер, – деді Сильвер. – Өйткені сенің шаруаң бітті. Айны қатесіз шыным. Енді құрымасаң, құдай соқсын мені! Ағылшын тіліндегі *slice of luck mipkeci* қазақ тіліне сенің шаруаң бітті деп аударылған.

3. *"Gentlemen of fortune," returned the cook, "usually trust little among themselves, and right they are, you may lay to it. But I have a way with me, I have".* – Олжашыл джентльмендердің бір-біріне сенуі деген сирек кездеседі, – деді аспазшы. – Және сонысының өзі дұрыста. Бірақ мені ешкім алдай алмақ емес. [3, б. 292]. Бұл жердегі *I have a way with me* тіркесі мені ешкім алдай алмақ емес деген аудар тіркесепін берілген.

Жоғарыда келтірілген мысалдары талдай отырып, ағылшын тіліндегі идиомалардың

лексикалық құрамы қазақ тіліндегі идиомалармен көбіне сәйкес келмейтінін байқаймыз.

Ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестердің көбінің жиі қолданыста жүрген идиомалар екені сөзсіз, әр салаға байланысты өзіне тән көптеген идиомалар қолданылады және осы идиомаларды аудару барысында біз тағы да аударма түрлеріне жүгінеміз. Мысалы, бизнес саласына байланысты: *creeping takeover*.

Кейде, фразеологиялық сөз тіркестер толығымен еркін тіркестер арқылы жасалады. Сондықтан, аудармашының сол идиоманың мағынасын ажырату үшін мәнмәтіндегі мағынасына назар аударып отырып, толыққынды аударма түріне жүгіну керек. Ағылшын тіліндегі *to go-бару* етістігі мен *song- ән* зат есімдерінің аудармасын білгенмен де, *to go for a song* тіркесінің не мағына беретінін деп басып айту оңай емес. Бұл идиома *бір нәрсенің өте арзан бағаға сатылғандығын білдіреді*. Мысалы, *As no one else at the auction seemed interested in the painting, it went for a song* деген сөйлемді «Аукционда сурет өнеріне қызығушылар табылмағандықтан, сурет су тегін сатылып кетті.» деп аударуға болады.

Жалпы аударма кезінде мына жәйттерге мән беру керек:

- идиоманы аударған кезде оның жалпы мағынасын беру, *safe and sound* – аман- есен;
- идиоманың мәндес баламасын беру арқылы аударма жасау, *a quick temper* – қызуқанды;
- идиоманы бір тілден екінші тілге сөзбе – сөз аудару немесе сипаттамасын беру, *a big shot* – маңызды адам;

Сонымен қатар, ағылшын тілінде көне грек мифологиясынан енген бейнелі тіркестер де көп кездеседі. Осындай сөз орамдарының ең алғаш қай тілде, қандай мағынада қолданылып, қалыптасқанын біліп алмай, оларды бірден аударып салуға болмайды [4, б. 93].

Идиомаларға талдау жасап, аударма жұмыстарын оңайлату үшін грамматикалық тұрғыдан сөз таптарына бөлу және классификация жасау арқылы қарастырған өте ыңғайлы. Мысалы:

1. Ағылшын тіліндегі идиомаларды мынадай сөз таптарына бөлу арқылы қарастыруға болады:

- сын есім мәнді идиомалар: *absent-minded* – ұмытшақ адам;
- зат есім мәнді идиомалар: *the apple of someone's eyes* – біреудің көзінің қарашығындай болу (жақсы көретін адамға айтылады);
- етістік мәнді идиомалар: *to keep a straight face* – бет аузын жиырып алу (күлген кезде);
- шылау мәнді идиомалар: *on the dot* – дәл уақытында.

2. Мынадай классификация жасау арқылы жіктеуге болады:

- Parts of the body idioms: *have a sweet tooth* – тәттіқұмар;
- Colour idioms: *a white lie* – ешкімге зияны жоқ өтірік;
- Animal idioms: *an early bird* – таңертең ерте тұратын адам;
- Idioms to do with health and illness: *to be fighting fit* – денсаулығы мықты болу;
- Idioms to do with money: *to be broke* – ақшасы болмау;
- Idioms to do with emotions: *to be scared to death* – қатты қорқу;
- Idioms to do with food: *it is not my cup of tea* – мен ұнататын нәрсе емес;
- Idioms to do with countries and places: *to take coals to Newcastle* – онсыз да өздері шығаратын нәрсені ол жаққа апарудың қажеті жоқ;
- Idioms to do with crime: *launder money* – заңсыз жолмен келген ақшаға банктен есеп-шот ашу;
- Idioms to do with movement and travel: *thumb a lift* – жолда кез келген машинаны тоқтатып, тегін жүру;
- Idioms as responses: *it serves him right* – өзіне де сол керек;
- Idioms in jokes: *fell head over heels in love* – ғашық болу;

Бір тілден екінші тілге аударма жасау барысында аударманың әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана білу керек. Өзге бір елдің салт-дәстүрі, мәдениеті және тарихы жайында қандай да бір мәліметті немесе көркем шығармаларды оқу барысында тұрақты тіркестердің,

фразеологизмдер мен идиомалардың жиі кездесетіні түсінікті. Аудармашы қызметі жақсы білім ғана емес, сонымен қатар, жан-жақтылықты, шеберлік пен шешендікті талап етеді. Жалпы аударма, яғни тұрақты тіркестерді аудару өте күрделі де маңызды мәселе болып табылады, тұрақты тіркестердің мағынасын анықтау барысында мәнмәтіннің басты рөл атқаратындығын ескергеніміз жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: тізімі

1. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). – М.: Высшая школа, 1990. – 253 б.
2. Степанов Ю.С. Французская стилистика. – М: Высшая школа., 1965. – Б. 35.
3. Стивенсон Роберт Льюис. Қазына аралы. Роман. / Роберт Льюис Стивенсон. Орыс тілінен аударған Қ. Дәуітов. – Астана: Аударма, 2011. – Б. 255-292.
4. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М.: Междунар. отношения, 1975. – 289 б.
5. Treasure Island [Text] / Robert Louis Stevenson. – СПб : Дидактика, 1994. – 153 б.

ӘОЖ 81'255.2

ПОЭЗИЯНЫ АУДАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Карбозова Макбал Аuezовна

makbal86@gmail.com

6D020700 – «Аударма ісі» мамандығының 2-нші курс докторанты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Мұратова Г.Ә.

Поэзиялық шығармада аз ғана сөздің аясына көп мағына, көркем, философиялық, эстетикалық ойлар сыйып, бір елдің тіршілік-тынысы, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрыпы таныстырылады. Поэзия туындыларының аудармасы – рухани-мәдени қатынастың көпірі, дүниежүзі халықтарының арақатынасын жақындастырудағы, өркениетті табыстырудағы, мәдениетті таныстырудағы «жәрдемші» деп атауға болады. Поэтикалық шығармалар аудармасын зерттеуші Е. Эткинд: «Поэзия – ұлттық тілдің тіршілік етуінің ең жоғарғы формасы. Поэзия шығармашылығында халықтың рухы – оның тарихы және мәдени дамуының, мінез бітімінің ерекшелігі барынша толық көрінеді. Басқа халықтың поэзиясын түсіну басқа ұлттық мінезді, басқа мәдениеттің сезім әлемін түсіну деген сөз» [1, б. 3] – деп поэзия аудармасы арқылы бір ұлттың әдебиеті мен тілі ғана емес, ұлт болмысының өзі әлемге таныстырылатынын айтқан. Сондықтан поэзия аудармасы - аударматанудағы ең бір күрделі және терең зерттеуді қажет ететін аударманың түрі. Сонымен қатар, оның басқа аударма түрлерінен ерекшеленетін тұстары бар.

Профессор Ә.Тарақов поэзия аудармасына тән мынадай ерекшеліктерді айқындайды: «Поэзия аудармасында ең алдымен көзделетіні – сөз, содан кейін поэтикалық мазмұн. Поэзия аудармашысы сөздің мән-мағынасын, дыбысталуын, образдылықты, синтаксистік және стилистикалық құрылымын (элементтерін) дұрыс жүйелеп, саралай білуі арқылы түпнұсқаның көркемділігіне, ырғақтық-әуездік сөз үйлесімділігіне, мағыналық толық қуатына жеткізуге ұмтылады. Нағыз классикалық өлең дәрежесіне жеткізу – аудармашы талантының шыңы» [2, б. 163]. Сондай-ақ профессор Т.Есембеков поэзия аудармасы мәселесіне қатысты: «Поэтикалық аудармада өлшем мен ұйқастың сәйкестігін сақтау аздық етеді. Өлеңге тән әуенділік, саздылық сияқты қасиеттер мен бірге мәтіннің фонетикалық ерекшеліктеріне де назар аудару керек. Поэтикалық аударма автор қолданған барлық бейнелеу мен суреттеудің амал-құралдарын қатаң есепке алуды талап етеді. Аудармашы ондағы ой, сезім, тәжірибе, пәлсапалық ұғым, образдың қай қайсысының жинақталып бейнеленгенін ажыратып алғаны дұрыс. Поэтикалық аударма мәселелері поэзиялық мәтіннің ерекшелігіне, оның мәдени-тілдік, образдылық қасиеттеріне байланысты. Мұндағы әдеби